

Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.
Абай

ҚҰРҒЫНШ

ҚАЛА KZ

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 9 қаңтар жұма 2015 жыл № 2 (04)

Қала әкімі Н.Е.Сұлтановтың «Теміртау қаласының 2014 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы» ЕСЕБІ

Құрметті Теміртау қаласы және Ақтау
кентінің тұрғындары!

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2013 жылғы 15 тамыздағы № 615 «Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» жаңа Жарлығына және оған кейіннен енгізілген өзгертулерге сәйкес қала әкімінің есеп беру кездесуі жылына бір рет өтеді.

2015 жылғы 20 қаңтарда Теміртау қаласында жүргізіліп жатқан реформалар, мемлекеттік және өнерлік бағдарламалардың орындалуы туралы, жергілікті органдардың жұмысы, күрделі мәселелер, халықтың тұрмыс деңгейін жақсарту үшін оларды шешу жолдары туралы қала әкімінің есеп беру кездесуі өткізіледі.

Бетпе-бет кездесіп, ашық әңгімелесу биліктің атқарып жатқан жұмысы жайында сіздердің пікірлеріңізді, бағаларыңызды ашық білуге көмектеседі. Әрқайсысыңыз жергілікті атқарушы органның, әкімнің қызметі бойынша тікелей сұрақ қойып, пікірлеріңізді, ескертулеріңізді және ұсыныстарыңызды білдіре аласыздар. Ол үшін арнайы жәшіктер қойылған және 2015 жылғы 9 қаңтардан бастап «жедел байланыс» ұйымдастырылған (тел. 92-32-57).

Барлықтарыңызды осы маңызды қоғамдық акцияға қатысуға шақырамыз. Барлық ескертулер, ұсыныстар атқарушы органның жұмысын бағалауда ғана емес нақты жоспарларда ескерілетін болады.

Теміртау қаласы әкімінің
есеп беру кездесулерін
өткізу кестесі

№ р/б	Облыс, қала және аудан атауы	Әкімнің АӘТ	Өткізілетін күні	Өткізілетін орны және уақыты
1.	Теміртау қаласы (Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің тұрғындары)	Теміртау қаласының әкімі Нұркен Ертауұлы Сұлтанов	20.01.2015 ж.	ҚарМИУ конференция залы 16.00

Теміртау қаласының жергілікті атқарушы органдарының жұмысы туралы ескертулер мен ұсыныстарды
жинайтын жәшіктердің орналасқан жері

№ р/б	Орналасқан орны	Мекенжайы
1	«Ақтау» мәдени бос уақыт өткізу орталығы	Ақтау кенті, Карл Маркс көшесі, 5
2	Балалар және жасөспірімдер театры	Республика даңғылы, 136
3	Қарағанды мемлекеттік индустриалдық университеті	Республика даңғылы, 30
4	№3 қалалық аурухана	Чайковский көшесі, 22
5	№17 ОМ	8-ықшамаудан, 98 А

График проведения отчетных встреч акима города Темиртау

№ п/п	Наименование области, города и района	ФИО акима	Дата проведения	Место и время проведения
1.	г. Темиртау (жители г. Темиртау и п. Актау)	аким г. Темиртау Султанов Нуркен Ертаевич	20.01.2015 г.	КарГИУ, конференц – зал 16.00

Места расположения ящиков для сбора замечаний и предложений о работе местных исполнительных органов в г. Темиртау

№ п/п	Место расположения	Адрес
1	Культурно-досуговый центр «Ақтау» (п. Актау)	п. Актау, ул. Карла Маркса, 5
2	Театр для детей и юношества	пр. Республики, 136
3	Карагандинский государственный индустриальный университет	Пр. Республики, 30
4	Городская больница № 3	Ул. Чайковского, 22
5	СШ № 17	8 мкр, 98А




Уважаемые жители города Темиртау
и поселка Актау!

Согласно нового Указа Президента РК «О проведении акимами отчетных встреч с населением» от 15 августа 2013 года за № 615 и внесенными в него последующими изменениями, отчетная встреча акима перед населением проходит 1 раз в год.

20 января 2015 года в городе Темиртау будет проходить отчетная встреча акима об исполнении государственных и региональных программ, о проводимых реформах, работе местных органов, имеющихся проблемах и путях их решения для повышения уровня жизни граждан.

Встреча, прямой и откровенный разговор поможет лучше узнать ваше мнение о деятельности власти, получить оценку ее работы. У каждого есть возможность лично задать вопрос, высказать свое мнение, замечание и предложение по деятельности местной исполнительной власти, акима. Для того, чтобы вы могли это сделать, установлены специальные ящики и организована «горячая линия» (тел. 92-32-57) с 09.01.2015г.

Приглашаем вас принять самое активное участие в этой важной общественной акции. Все замечания, пожелания будут учтены не только при оценке работы исполнительных органов, но и найдут отражение в конкретных планах и материалах.



Марапат

Елімізде былтырдан бастап тағы бір кәібі мереке – Еңбек күні атап өтіле бастады. Осыған байланысты жуырда металлургия комбинатының он үш қызметкеріне «Еңбек ардагері» медалі тапсырылды. Мұндай жоғары құрметке ие болғандардың арасында кәсіпорында ұзақ жылдар бойы табысты жұмыс істеген Владимир Викулов, Габдулла Тагиров және бірнеше кәсіби металлургтер бар. Салтанатты басқосу барысында «Жақтау» кәсіподағы мен «АрселорМиттал Теміртау» әкімшілігі атынан жылы лебіздер айтылып, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталғандардың әрқайсына 50 мың теңге

Еңбек күні құрметіне



көлемінде ақшалай сыйлық тапсырылды. Ал компанияның атқарушы директоры Иво Хмелик өз сөзінде :

– Мен Қазақстан Республикасы Президенті атынан белгіленген осы медальдарды тапсыру жұмысын өз қолыммен

атқарғаныма мақтаныш күйде тұрмын, – деп бұл игіліктің басқаларға да үлкен үлгі болатынын атап айтты.

Әкімшілік өкілі қазіргі кейбір жекелеген қиыншылықтарға, әсіресе өнім өткізу саласындағы кідірістерге қарамастан биыл он үшінші жалақы беруге үміт бар екенін айтып кетті. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталғандардың бәрі де комбинатта бірнеше ондаған жыл жұмыс істеген нағыз жұмысшы өкілдері, олай болса, тұрақтылық, кәсібилік, мамандыққа берілгендік әрқашан табысқа жеткізетінін, еңбектің елеусіз қалмайтынын осы мысалдан көруге болады. Бұл бір жағынан еңбек адамына деген шынайы құрмет, екінші жағынан жастарға ұлағатты өнеге. Қай салада болмасын адал еңбек әрқашан ардақты. Бұл басқосу осыны ұқтырды.



Жағымды жаңалық

Зейнетақы 9 пайызға өсті

Елімізде 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап зейнетақы төлемдері 9 пайызға көбейді. Бұл зейнеткерлер үшін жағымды жаңалық болып отыр. Атап айтар болсақ, «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңда көрсетілгендей, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап ең аз зейнетақы мөлшері 23 692 теңге болып белгіленді. Бұл былтыр, яғни 2014 жылы ең аз зейнетақы көлемі 20 782 теңгені еді.

Ал мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері 2015 жылғы 1 қаңтардан 11 182 теңгеге дейін ұлғайы да қуанытты отыр. 2014 жылы мемлекеттік базалық зейнетақылық төлем мөлшері 9 983 теңге болған болатын. Бұл зейнетақының ең төменгі



мөлшері 34 874 (23 692 + 11 182) теңгеге өскенін білдіреді.

Еліміздегі зейнеткерлердің саны 1,9 миллионнан асып жығылады. Өткен жылы ең жоғары зейнетақы мөлшері 67 399 теңге болса, енді 73 257 теңгеге артты. Оның орта-

ша мөлшері 45 633 теңгеден 49 532 теңгеге көтерілді.

Сондай-ақ, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшері де 7 пайызға өсті. Елімізде жәрдемақы алушылар саны 600 мыңнан астам адамды құрады.



Жаңғырту

Күре жол кеңейтілуде

Қазіргі таңда Теміртау мен Астананың арасындағы күре жолдың біраздан бері күрделі жөндеуден өтіп, кейбір бөлігі жаңартылып, жаңадан салынып, заман талабына сай кең де тегіс болып жатқанынан жұртшылықтың хабары бар. Бұл күре жол «Орталық-Оңтүстік» жол жобасы аясында жүзеге асып, тек біздің қарағанды облысының аумағында 600 шақырым жол жаңғыртылмақ. Жаңа учаскеде бүгінде жақын маңдағы аудандардан қырық шақты адам жұмыспен қамтылып, өз жұмыстарын атқаруда.

Күре жол салынумен қатар оның бойына қызмет көрсету нысандары да бой көтеретін болады. Сөйтіп, кафелер мен ана мен бала бөлмелері, қар ұстап тұратын бөгеттер бой көтермек. Теміртаулықтар мен Алматы-Екатеринбург тас жолынан өтетін жолаушылар үшін ең маңыздысы – жолдың алты жолақтан тұратыны. Магистрал бетонмен жабылмақ.

–Бұл жолдың негізгі бөлігінің қабілетін арттыра түседі. Бетон жабындының қалыңдығы 27 сантиметрден тұрады. Өйткені жолдың «Қарағанды -Теміртау» бөлігінен жиырма мыңнан аса көлік жүреді, –дейді «ҚазАвтоЖол» АҚ Қарағанды филиалы директорының орынбасары Игорь Гафтон.

Жақында «Астана-Теміртау» күре жолының жаңартылған он шақырымы пайдалануға беріледі.

Баспасөз хабарламасы

Кеше ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Светлана Жақыпованың қатысуымен «ЕАЭО. Перспективалары және жаңа мүмкіндіктері» тақырыбында брифинг өтті.

Светлана Жақыпова БАҚ өкілдерін ЕАЭО қатысушы мемлекеттерде жұмыс күшінің қозғалысын реттейтін заңнамалы нормалармен және еңбеккер-мигранттарға берілетінкөпелдіктер туралыхабардар етті.

Вице-министр 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қызметтер, тауарлар және капиталдың, сондай-ақ жұмыс күштерінің еркін қозғалысына жағдайтуғызатын Еуразиялық экономикалық одақ туралы келісім-шарт күшіне енгенін айтты. Келісім-шарт жұмыс жағдайларына; жасырын миграция ағындарын төмендетуге; ЕАЭО шеңберінде әлеуметтік-экономикалық интеграция үрдістерін тереңдетуге байланысты қатысушы мемлекеттердің азаматтарының теңқұқықтарын іске асыруға мүмкіндік туғызатынын хабарлады.

Ерекше атап өтсек, Келісім-шарттың «**Еңбекмиграциясы**» деген XXVI тарауында келесі жағдайлар қарастырылған: Жұмысқа орналасқан мемлекет аумағында еңбеккердің және оның отбасы мүшелерінің **уақытша мекендеуі (тұруы)** жұмыс берушімен және (қызметтер) жұмыс тапсырушымен жасалған еңбек және азаматтық-құқықтық шарт қолданысының мерзімімен белгіленеді. Мезгілінен бұрын шарттың бұзылуы жағдайында келген күніне 90 тәулік өткеннен кейін еңбеккер-мигрант жұмысқа орналасқан мемлекет аумағынан шықпай-ақ 15 күн ішінде жаңа еңбек және азаматтық-құқықтық шарт жасауға құқығы бар. Сондай-ақ, ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында елдер белгілеген жұмысқа рұқсат алу рәсімдері алып тасталды.

Келісім-шарт еңбеккер мигранттарын және олардың отбасы мүшелерін жұмысқа орналасқан мемлекет аумағына кірген күнінен бастап 30 тәулік ішінде тіркеуден (келген жерінде тіркеуге отырудан) босатады. Басқа мемлекет аумағына кіргеніне 30 тәуліктен асқан жағдайда келген мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелуге (есепке тұруға) міндетті.

Еңбеккер-мигранттарды **әлеуметтік қамсыздандыру** (әлеуметтік сақтандыру) жұмысқа орналасқан мемлекеттің заңнамасына сай іске асырылады. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істейтін азаматтардың еңбек (сақтандыру) өтілі әлеуметтік қамсыздандыру мақсатында жалпы еңбек өтіліне қосылатын болады.

Еңбеккер мен оның отбасы мүшелерін зейнетақымен қамтамасыз ету тұрақты тұратын мемлекеттің заңнамасына, сондай-ақ, ұйымға мүше-мемлекеттер арасындағы жекелеген халықаралық келісім-шарттарға сай реттеледі. 2014 жылғы 12 қарашадағы Еуразиялық экономикалық одағы Кеңесінің шешімімен «Зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық келісім-шарт жобасының тұжырамдамасы» мақұлданып, аталған құжат жобасын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

Еңбеккер-мигранттар мен олардың отбасы мүшелері **жедел медициналық көмек** (шұғыл және жедел түрінде) және өзге де медициналық жәрдем алуға құқылы. Жұмыс істейтін мемлекет аумағында еңбеккер-мигрантпен бірге тұратын балалары сол елдің заңнамасына сәйкес мектепке дейінгі мекемелерге баруға құқылы.



Қамқорлық



Жас жеткіншектерді, олардың қатарында мүмкіндігі шектеулі және оңалту орталықтарында тәрбиеленушілерді жаңа жылмен құттықтау, сыйлықтар беру секілді қамқорлықтар күні кешеге дейін жалғасты. Осындай ізгілікті қадам жасауда қаламыздағы «Нұр Жүрек» қоғамдық бірлестігі ерекшеленуде. Олар жаңа жыл

қарсаңында балалармен түрлі іс-шаралар, ойындар өткізіп, көңілдерін бір серпілтті. Сонымен қатар тәттілер мен сыйлықтарды мүмкіндігі шектеулі балдырғандардың үйлеріне апарып беруді де ұмыт қалдырмады.


«Жастармен жұмыс жүргізу орталығының» мамандарымен бірге «Нұр Жүрек» қоғамдық

бірлестігі мүмкіндігі шектеулі балалары бар он бес отбасыға барып, оларды құттықтады. Аяз Ата мен Қарша қыздың образдарын сомдап, жасөспірімдерге сыйлықтар таратып, балалардың да, олардың ата-аналарының да алғыстарына бөленді.

Өз тілшімізден

Ресми бөлім

Теміртау қаласының әкімі Н.Е.Сұлтановтың «Теміртау қаласының 2014 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы» тұрғындарға ЕСЕБІ



Өткен 2014 жылғы еліміздегі ең маңызды оқиғалардың ішінен Мемлекет басшысы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы ерекше орын алады.

Елбасы өз жаңа Жолдауында басты мақсат «Стратегия-2050» бағдарламасын орындау үшін жұмыстарға белсенді қатысуға шақырды және біздің халқымыздың игілігі үшін алдымызға мақсаттар қойды. Нақты міндеттер қойылды, олардың іске асырылуы біздің жетістіктерімізді нығайту және дамытуға мүмкіндік береді.

Енді 2014 жылдың атқарылған жұмыстары туралы нақтырақ айтатын болсақ:

Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары орнықты даму үрдісінің сақталуымен, тұрмыс деңгейінің артуымен және қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығымен сипатталады.

2014 жылдың қорытындысы бойынша күтілетін **өнеркәсіптік өнімдерді өндіру көлемі 410,0 млрд.** теңгені құрады немесе 2013 жылға қарағанда 20,7% (339,8 млрд. теңге).

Өнеркәсіптік өнімдер нақты көлем индексі 113%-ды құрды.

	Атауы	2013 ж.	2014 ж.	%
1	Өнеркәсіптік өнімдерді шығару көлемі, млрд.теңге, соның ішінде	339,8	410,0	120,7
2	НКИ, %	100,3	113,0	

Негізгі капиталға инвестиция көлемі66,2 млрд. теңгені құрады немесе 2013 жылмен салыстырғанда 5,6%-ға көбейді (62,7 млрд. теңге).

№	Атауы	2013 ж.	2014 ж.	%
1	Барлық инвестиция, млн. теңге, соның ішінде	62673,4	66200,0	105,6
2	НКИ, %	74,1	107,0	

66,2 млрд.теңге сомасындағы инвестицияның жылдық көлем жоспары «АМТ» АҚ жобалары іске асуы есебінен қол жеткізілді:3-ДП күрделі жөндеуі, ЖЭО-бу ауа беру станциясындағы (ТЭЦ-ПВС) № 2, 4 қазандықтарда эмульгаторларды ауыстыру, дросстан алынған мырышты қалпына келтіру үшін екінші пешті орнату, № 2 конвертор газдан тазалау жүйесінің құрылысы, кокс-химия өндірісінің биохимия газдан тазалау жүйесін ауыстыру, № 0, 1, 2 көтерме редукторларды жаңарту мен жөндеу, 3-қаңылтыр илемдеу цехында 6-шы клетті орнағын ұлғайту.

Ауыл шаруашылық өнімдерінің жалпы шығарылымынан күтілетін көлемдер 1 499,6 млн. теңгені құрады немесе 2013 жылға қарағанда 100%.**Нақты көлем индексі 100%-ды құрды.**

мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Теміртау қаласы бойынша 2011 жылдан жүзеге асыру жоспарланған 5 инвестициялық базалар қалыптастырылды, оның ішінде 2011-2014 жылдары жалпы құны 16 млрд 601 млн. теңге 4 жоба іске асырылды, 300 жаңа жұмыс орны құрылды.

№	Жоба атауы	Жоба құны, млн.теңге	Іске асырылу мерзімі	Жұмыс орындары	Қуаты жылына тонна	Жобалық қуатына шығуы
1	Цементті құрғақ тәсілмен өндіретін № 5 технологиялық желі іске қосу («Карцемент» АҚ)	12300.0	2008-2014 жж.	115	1.5 млн. тонна цемент	Желі 9.07.2014ж пайдалануға енгізілді.Жобалық қуатына шығуы 2015 ж.
2	теміржол бетон шпалдарын өндіру үшін карусельдік желіні іске қосу («NORD Пром НС» ЖШС)	2070.0	2011-2013 жж.	90	560.0 мың. дана т/б шпалдары	2013 жылы жобалық қуаттылығына шықты.
3	Бедерленген тақталар шығару өндірісін кеңейту («КМК Профиль» ЖШС)	331.0	2011-2013 жж.	45	15.0 мың тонна бедерленген тақта	2013 жылы жобалық қуаттылығына шықты.
4	Жүк автомобильдері мен арнайы техника үшін сервис стансасын салу. («ТемірLogistik» ЖШС)	1900.0	2011-2015 жж.	50	2200 жүк автомо бильдері мен арнайы техника	2015 жылы жобалық қуаттылығына шығады.
	Барлығы	16601.0	2008-2015 жж.	300		

«Бизнестің Жол картасы 2020» бағдарламасы іске асыру шеңберінде2014 жылы Өңірлік үйлестіру кеңесімен 4 жоба мақұлданды:

- **«Инкар-1» ЖШС**(профильдік жабдықтарды металл өңдеу) несиені 30,0 млн.теңге сомасына ішінара кепілдендіру, 5 жұмыс орны құрылды.


-**«ГазГазоБлок» ЖШС** (құрылыс материалдарын өндіретін зауыт құрылысы) пайыздық ставкаларды субсидиялау және кепілдендіру 982,8 млн.теңге, 80 жаңа жұмыс орындары құрылды.

- **ЖК М..Р.Әжіғалиев** (көп салалы медициналық орталықты ұйымдастыру) ішінара кепілдендіру 6,5 млн. теңге, 12 жұмыс орны құрылды.

-**ЖК Е.П.Богданова** (кафе ғимаратын сатып алу арқылы тамақтану қызметін ұсыну бойынша қызметтерді кеңейту) ішінара кепілдендіру 39 млн.теңге, 21 жұмыс орны құрылды.

Монокалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде Теміртау қаласында 2 - зәкірлі жоба іске асырылды, 1-ші жоба «Қарцемент» АҚ «Цементті құрғақ тәсілмен өндіретін № 5 технологиялық желіні іске қосу» 2014 жылдың 9 маусымында іске қосылды. 2-ші жобаны іске асыру 2015 жылы жалғасады.

(Басы. Жалғасы 6 -7 -8- беттерде)



Денсаулық

Қаланың емдеу мекемелерінде, әсіресе 9 шағын аудандағы №4 емханада тіркеу бөлімі болсын, зертхана мен дәрігерлер болсын, келушілердің легі бір азаймайды, ұзын-сонар кезектен шаршаған адамдар басшыларға шағымдануға мәжбүр болатын. Енді жаңа 2015 жылдан бастап, мұндағы жағдай мүлде өзгерді.

ды. Мұның өзі кезекті бес-он пайыз азайтуға жол ашады дейді мамандар. Алайда емхана қызметіне жүгінетіндер көбіне ересектер, қариялар болып келетіндіктен бұл қызметті екінші бірі пайдалана бермейді. Дегенмен, қазір қала тұрғындарының

орысша да жүретіндігі. Алайда, телефон арқылы тек терапевт пен балалар дәрігеріне ғана жазылуға болады. Жеке мамандарға кіру үшін алдымен өзіңіздің учаскелік дәрігеріңізде болу міндетті. Өздігінен жазылатын терминал

Емханаға — кезексіз

Емхана директоры, өткен жылы республиканың денсаулық сақтау саласындағы үздік менеджер деп танылған Арғын Бидайбаев облыста

арасында онлайн қызметін пайдаланатындардың саны күн сайын өсіп келе жатқаны ескеріліп, қабылдаудың осы түрі де жүзеге асырылуда. Сондықтан оқырмандар наза-

әзірге емханаға орнатылған, келесі жылдан бастап мұндай терминалдар қаладағы бірнеше супермаркеттерде, үлкен сауда орталықтарына орнатылатыны жоспарланған. Сонда емханаға бармай-ақ, кез-келген сауда орындарынан өзіңізге қажетті дәрігердің қабылдауына жазыла аласыз. Терминалдар арқылы қай дәрігердің қай уақытта қабылдайтын кестесін де біліп алу мүмкіндігі жасалған.

Міне, осылайша қабылдаудың кезегін азайтуға барлық мүмкіндіктерді жасап отырған №4 емхана ұжымы медициналық көмектің дер кезінде әрі сапалы жүргізілуі үшін жұмыла жұмыс істеуде.

— Біз осы жылғы 1 қаңтардан бастап дәрігерлерге кіруді жеңілдетудің барлық амалдарын қарастырып отырмыз. Бұлардың көбі медицина менеджментіндегі соңғы жаңалықтар және облыста бірінші болып



алдыңғылардың бірі болып, кезекті азайтудың бірнеше амалдарын қарастырып, жүзеге асырды. Ол үшін биылғы 1 қаңтардан бастап мұнда төрт түрлі жаңалық енгізілді.

Алдымен келушілер кіре берістегі тіркеу бөліміне барады, онда өздеріне қажетті учаскелік терапевтерге немесе маман-дәрігерлерге қабылдауға жазылады. Кезектің ең көп жері осы, сондықтан мұнда енді терминал арқылы қызмет көрсету жүйесі енгізілді. Залға қойылған аппаратқа таянып, тиісті талон алып, өз кезеңіңізді қабырғадағы табло арқылы біліп отырасыз. Бұл қызметтің жайлылығы үшін емхананың кіре берісіне бірнеше қатар жайлы креслолар қойылған, мұның өзі кезекті тездетіп ғана қоймай, адамдардың айқай-шусыз қолдарындағы қағаз бойынша өз кезектерін біліп отыруына және қолындағы санға байланысты табло жанған кезде тиісті кабинетке кіруіне мүмкіндік береді.

Кезекті азайту мақсатындағы екінші жаңалық дәрігерлерге кіруге жазылу жөнінде болып отыр. Енді емхананың арнайы сайты бойынша интернет арқылы қабылдауға жазылуға бола-



рына №4 емхананың сайтын ұсынамыз: www

№4 емханадағы кезекті азайтудың тағы бір түрі бұған дейін де қолданылып келген кәдімгі телефон байланысы, жұртшылық тіркеу бөлімінің телефоны ертеден кешке дейін бос болмайды деп қарсы уәж айтары сөзсіз. Бірақ бұл жерде де қызмет аясы кеңейіп, енді 44-78-72 телефоны арқылы ешбір кедергісіз қабарласуға болады. Өйткені бұл жүйеге бірден бес оператор қызмет көрсетеді. Тағы бір айта кетер ерекшелігі, байланыстың қазақша да,

қолға алғанымызды айта кеткім келеді. Әрине, әлі де қиындықтар, кемшіліктер бар, дегенмен біздің үлкен ұжым олардың бәрін жеңуге, жаңалықтарды игеруге, сөйтіп халыққа сапалы қызмет көрсетуге мүдделі. Алдымен осы №4 емханада барлық жаңалықтарды толық жүзеге асырып, елдің көңіліне ұнамдыларын басқа да емханаларда жүзеге асыру қарастырылады, — дейді №4 емхана директоры Арғын Бидайбаев.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА

Ел өмірінен

Жаңа 2015 жылдың жаңалықтары

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде қоғамдық өмірдің түрлі саласы бойынша көптеген жаңа ереже енгізіліп, заңдар күшіне енгені мәлім. Енді солар жайында аз-кем ақпарат берер болсақ, бірінші кезекте айтарымыз, 1 қаңтардан Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енді. Бұл Одақтың мүшелері Қазақстан, Ресей, Беларусь, Армения және Қырғызстан екендігінен жалпақ жұрттың хабары бар, сонымен ЕАЭО-ның құрылуы Кеден одағы елдерін интеграцияның жоғары деңгейіне шығаратын болады.

Енді міне, Кеден одағы елдерінің Техникалық регламенті күшіне еніп, аталған мемлекеттердің аумағында автокөліктердің қыста жазғы, жазда бұдырлы дөңгелектермен жүруіне тыйым салынатынын атап айтқанымыз жөн. Сондықтан отандық автоөндірушілер төл өнімдерін ABS тежеу жүйесімен, қауіпсіздік жастықтарымен, балаларды бекітетін ISOFIX тетіктерімен, күндізгі жүріс оттарымен, иммобилайзермен, ГЛОНАСС жүйесінің SOS түймесімен жабдықтауға міндетті болып табылады.

Екінші бір жаңалық, Астана — Атбасар және Шымкент — Қызылорда тас жолдары ақылы болады. Жолмен жүру құны — 200 теңге.

Алкогольді ішімдіктер мен көк түтіні бұдақтайтын темекі де қымбаттайды. Сүзгілі темекінің бір қорабының ең төменгі құны 200 теңге болады. 100 пайыз спирттің литрінің акциздері 1000 теңгеден 1200 теңгеге дейін көтерілмек. Өткірлігі 30 пайыздан асатын алкогольдің бөлшек саудадағы ең төменгі құны литріне 1120-1300 теңге аралығында болады.

Тағы бір жаңалық, жаңа тұрғын үй бағдарламасы іске асырылып, 2020 жылға дейін республика бойынша 1,4 миллион шаршы метрден асатын баспана салынады. Ал дәрігерлер мен мұғалімдердің де жалақылары артады.

Тыйым алынып тасталды

Қазақстанда көлікті белгіленбеген жерлерге қоюға салынған тыйым алып тасталды, — деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап “Жол қозғалысы туралы” заңға енгізілген өзгерістер күшіне енді.

2014 жылғы 24 желтоқсандағы жаңа құжатқа сәйкес, “Жол қозғалысы туралы” заңда “Механикалық көлік құралының меншік иесі мен жүргізушісінің құқықтары мен міндеттері” деген 54-бапқа өзгерістер енгізілді. Нақтылап айтсақ, 22-тараушадан жолдарда және елді мекендегі көшелерде көлік қоюға болмай-тыны жайлы айтылған сөйлем алынып тасталды.

Осыған дейін жол бойында көлік қоюға салынған тыйым қоғамда қызу пікірталас тудырған еді. Түрлі сарапшылар, заңгерлер және қоғамдық ұйым өкілдері жаңа “Жол қозғалысы туралы” заңның қалаларда жол инфрақұрылымның, яғни көлік қоюға рұқсат беретін жол белгілерінің жоқтығын айтып, қолданылмайтынын мәлімдеген еді. Полиция өкілдері болса жол белгілерін жеткілікті түрде орнату қала әкімдіктерінің жұмысы екенін айтты.

Айта кетейік, арнайы белгіленбеген жерлерде көлік қоюға салынған тыйымның алынып тасталуы — енгізілген жалғыз өзгеріс емес. Осыған дейін “Жол қозғалысы туралы” заңнан автомобильді жүргізуге сенімхаттың да міндетті құжаттар тізімінен алынып тасталғаны хабарланған еді. Мұнымен қатар, міндетті техникалық байқаудан өтуге байланысты өзгерістер болды. Оның алдында автокөлік жүргізушілері көлігінің шыққан жылы төрт жылдан аспаса ғана техникалық байқаудан босатылса, жаңа өзгерістерге сәйкес, бұл мерзім жеті жылға дейін ұзарды.

Жол қозғалысының жаңа ережесі қолданыла бастайды. Қазақстанның жүргізушілеріне енді әрқашан жақын жарықты қосып немесе жүріс жарығы оттарын қосып жүруге тура келеді. Бұл ережені бұзғандарға 10 мың теңгеге жуық айыппұл салынады.

Жанармай арзандайды. Дизель отынының литрі 107 теңге, Аи-80 бензинінің литрі — 89 теңге, Аи-92/93 бензині 109 теңге болды.

Астана — Атбасар және Шымкент — Қызылорда тас жолдары ақылы болады. Жолмен жүру құны — 200 теңге.

Әлеуметтік желі арқылы өсек таратқандарға жаза күшейді

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық атқару және Өкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстер заңды күшіне енді. Жаңа Қылмыстық кодекске сәйкес, қауесет таратқан адамдар қылмыстық жауапкершілікке тартылатын болады.

Қылмыстық кодексте “Жалған мәлімет тарату” деп аталатын бапта ең ауыр жаза ретінде 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған.

Нақтылап айтсақ, БАҚ-тар немесе әлеуметтік желілер арқылы өсек таратқан адамға 5 000 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салу, тура осындай көлемде түзету жұмыстарына жіберілу, бас бостандығынан 2 жылдан 5 жылға дейін шектелуі немесе бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Сонымен қатар, жаңа технологияны пайдалана отырып лаңкестік және экстремизм көрінісін, радикал идеологияны таратуға жауапкершілік қатаңдай түсті.

“Өкімшілік құқықбұзушылықтар туралы” жаңа кодекс бойынша тіркелген мекен-жайында тұрмайтын азаматтарға айыппұл салынады, пәтеріне өзге азаматтарды жалған тіркеуге тұрғызған қожайындар да жауапкершілікке тартылады. Сондай-ақ көшелерде, базар маңында, мешіттердің алдында, жалпы қоғамдық орындарда қайыр тілеп, алақан жаятын қайыршылар, балгерлер мен шөкешелерге де жаза қарастырылған.

Ендігіде шетелдердегі қарулы қақтығыстарға қатысқан адам қылмыстық жазаға тартылады, бұл туралы бапта 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған.



Ешкім де ұмытылмайды

Самарқандық жауынгерлер! Еңдерді мәңгі есте сақтаймыз!



ЖАҢАБЕВ
Рахим

8 Гвардиялық атқыштар дивизиясының 23 Гвардиялық атқыштар полкінің парторгы, гвардия кіші лейтенанты.

1907 жылы Ақмола облысында туған. Атқылау өндірісінде жұмыс істеген.

1942 жылдың 20 мамырында Қарағанды қаласының Киров аудандық әскери комиссариатынан әскер қатарына шақырылған. Екінші Прибалтика майданының құрамында соғысқан. 10 шілдеде екінші Прибалтика майданы шабуылға шығып, бір апта бойы батысқа қарай 90 шақырым жылжып, Латвия аумағына енген. Міне, осы шайқаста Рахим Жанабаев оққа ұшқан.

Ол 1944 жылдың 17 шілдесінде шайқаста көз жұмды. Латвияның Лудзенск уездінің Замбары деревнясында жерленген.



ЖЕЛТУХОВ
Николай
Михайлович

16 Гвардиялық атқыштар дивизиясының 49 Гвардиялық атқыштар полкінің минометчигі, сержант.

1923 жылы Воронеж облысының Пески селосында туған.

Самарқанд поселкесіндегі ҚарГРЭС-1-дің өндіріс алаңында сылақшы-бояушы болып жұмыс істеген.

1942 жылы 7 тамызда Қарағанды қаласындағы Киров аудандық әскери комиссариатынан әскерге алынған. Калинин майданында соғысқан. 1942 жылдың 24 қыркүйегінде атыс үстінде оққа ұшқан. Калинин облысының Ржевский ауданының Знаменское селосының солтүстік-шығысында жерленген.



ЖИХАРЕВ
Василий
Андреевич

327 атқыштар дивизиясы 1100 атқыштар полкінің қатардағы жауынгері.

1902 жылы Саратов облысы, Ивантеевск ауданының Николевка селосында туған.

Самарқанд поселкесіндегі ҚарГРЭС-1-дің орталық қоймасында жүкші болып жұмыс істеген.

Әскер қатарына 1942 жылдың 22 мамырында Қарағанды қаласындағы Киров әскери комиссариатынан шақырылған. Волховский майданының Синявинск бағытында соғысқан. 1942 жылы 27 тамыздағы шайқаста қаза тапқан. Ленинград облысында жерленген. 65.5 биіктік. Мгинск ауданы.




Зерде

Жеңіс күні!
Әлемнің жадырады кеңістігі,
Билеп жүр ару қыз бен ағаш аяқ,
Уа, дүние, жоқтай бір кемістігі, — деп ақын жырлаған Жеңіс күніне де биыл тура жетпіс жыл толғалы отыр. Бұл аз уақыт емес, тұтас бір ұрпақ өсетін дәуір. Бірақ соғыс алған жарاقاتтың жазылмастығы сондай, әлі де адамдардың

санасынан өшер емес, қайта уақыт өткен сайын жаңғырығып, ұрпақтан-ұрпаққа жетуде. ТМД елдері бойынша 2015—ардагерлер жылы болып жарияланды. Елбасымыз алдыңғы қатарда биылғы Жаңа жылмен бірге соғыс ардагерлерін ерекше құрметтеп, құттықтады. Бастаманы жер-жерде іліп әкетті, біздің қаланың ардагерлері де Елбасы атынан сыйлықтар, құттықтау хаттар алып, үлкен ризашылыққа бөленді. Қалалық ардагерлер кеңесінің бұл бағытта атқарып жатқан жұмысы тіпті көп. Жаңа жыл қарсаңында ардагерлік қозғалыстағы және жастарды тәрбиелеудегі шығармашылық табысы, белсенді өмірлік ұстанымы үшін қалалық ардагерлер кеңесінің төрайымы Нина Вахитова қоғамдық ұйымдар арасында жеңімпаз деп танылып, қала әкімінің грамотасымен марапатталып, жыл үздігі атанған еді. Осындай қуанышты сәтте ардагерлер көшбасшысымен сұхбаттасып, Жеңістің 70 жылдығына байланысты атқарылатын іс-шаралар туралы бірнеше сауалдар берген едік.

отыр. қазір Теміртауда Ұлы Отан соғысына қатысқан 54 ардагер тұрады, 3271 тыл еңбеккері, 10 адам Ленинград блокадасында, ал 20-сы фашист лагерлерінде тұтқында болғандар. Сонымен бірге қайтыс болған жауынгерлердің 3 жесірі де біздің назарымыздан шыққан емес. Әлеуметтік қамқорлық де-

қиын жандар. Олардың зейнетақыларын алуына байланысты қиындықтар бар екенін айтып қалдыңыз. Бұл мәселе қалай шешіледі? — Иә, дұрыс ойға салдыңыз, біз қазір мұны да ойластырудамыз. Бүгінде қалалық ардагерлер кеңесі тарапынан «Қазпочта»



Дайындық қызу жүруде

— Нина Тимофеевна, үстіміздегі қой жылы бірнеше мерекелердің басы тоғысқалы тұр. Оның ішінде Ұлы Жеңістің 70 жылдығы бүкілхалықтық мейрам екені сөзсіз. Оған дайындық та басталып кеткен болар?

— Біз ардагерлер Ұлы Жеңістің мерейтойын ерте бастан ойластырдық. 2012 жылдың аяғында мың адам қатысқан «Біз жас болған едік, әрі сенімді едік» деген тақырыпта үлкен іс-шара өтті. Онда соғыс ардагерлері, тыл еңбеккерлері, қаланың сансаласынджа жұмыс істеп жүрген танымал адамдар жас ұрпақпен кездесіп, сол кездегі Жеңістің қандай күшпен келгенін тағы бір рет еске алды. Дәл сол жолы Теміртауда тұңғыш металл заводды ашылғаны жөнінде де, оның өнімі жауға қарсы снаряд болып атылғаны жөнінде айтылған болатын. Соңғы екі жылдан бері барлық ардагерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын өз көзімізбен көріп, олардың өтініштерін қала басшыларына жеткізудеміз. Қалалық мәслихат депутаттарымен кездесу барысында да осы мәселе көтерілді. Ал былтырғы ақпан айында қалалық кеңес пленумында Ұлы Жеңістің 70 жылдығына әзірліктің нақты міндеттері белгіленді. Теміртау қалалық



жастар клубы, жастар орталығы сияқты мүдделес ұйымдармен меморандум жасалды. «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалымен бірігіп, барлық ардагерлердің үйлерінде болып, он жеті адамға «Белоруссияны азат етуге 70 жыл» медалін және бағалы сыйлықтар тапсырдық. Биылғы жыл басында тағы да Елбасының ерекше тапсырмасын орындау бақытына ие болып, ардагерлермен жүздесудің сәті түсті. Біздің елімізде ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды, олар үнемі қамқорлықта, есімізде.

— Нина Тимофеевна, сіз ардагерлермен жұмыстың

екі бағытта екенін айтып кеттіңіз, оның біріншісі әлеуметтік қамқорлық болса, екіншісі сол ардагерлер арқылы жастарды тәрбиелеу бағыты. Қазір қаламызда қанша ардагер бар және олардың мұқтаждықтары қандай?

— Әрине, уақыт өз дегенін алады, бүгінгі таңда соғыс ардагерлерінің басым көбі тоқсан жастың о жақ, бұ жағында. Оларға негізінен медициналық көмек қажет. Бұл ретте қаланың емдеу мекемелері өздеріне тиісті мекен-жайлар бойынша нақты жұмыс жүргізіп


генде біз көбіне жастарға арқа сүйейміз, Теміртау қалалық жастар клубы еріктілердің жұмысын осы бағытта жұмылдыруда. Ардагерлер тұратын үйлерді, олардың аулаларын, пәтерлерін реттеу, тазалау, бейіттерді ретке келтіру сияқты жұмыстар атқарылып жүр. Ардагерлердің айтқан әңгімелерін жазып алу, сақтау жұмыстары оқу орындарының көмегімен жүзеге асырылуда. Әр мереке сайын олар мектептерге, мекемелерге қонаққа шақырылып, өздерінің естеліктерін жас ұрпақтың көкейіне қонымды етіп әңгімелеп береді. Қала мейрамханаларында қонақасы дастарқаны жайылады. Мәселен, өткен жылы Жеңіс күні құрметіне сегіз мыңнан аса адам қатысқан түрлі шаралар ұйымдастырылып, оған 20 миллион теңгеден аса қаражат жұмсалды. Ал мұндай жұмыстар биыл еселене түспек, қалалық бюджеттен және кәсіпорындар есебінен әр ардагерге ақшалай материалдық көмек жасалады.

— Нина Тимофеевна, соғыс ардагерлерінің басым көпшілігі қазір жүріп-тұруы

мекемесімен келіссөз жүргізудеміз, ондағы мақсат олардың зейнетақыларын үйлеріне сенімді түрде жеткізіп беру мәселесі. Әрине, ардагерлердің біразы зейнетақыны терминалдардан алады, ал кейбірі өздерінің бала-шағасына сенімхаттар берген. Дегенмен, «Қазпочта» әр ай сайын ардагердің тұрған пәтеріне апарып беріп отырса ыңғайлы болар еді. Біз қазір осы мәселені қолға алдық. Әрине, «Қазпочта» қызметкерлері де мұны толық қолдап, жәрдем көрсетеді деген сенімдеміз.

— Нина Тимофеевна, Ұлы жеңістің 70 жылдығы қарсаңында ардагерлер кеңесі атқарып жатқан жұмыс өлшеусіз көп, біз атап өткен бір-екі шарамен шектелмесі анық. Олай болса осы қиын да, сауапты жұмыстарыңызға сәттілік, шығармашылық табыс тілейміз. Әңгімеңізге көп рахмет.

Әңгімелескен
Серікгүл АЛТАЙБАЕВА



Ресми бөлім

№ 2 (04) 9 қаңтар 2015 жыл

№	Жоба атауы	Іске асырылу мерзімі	Жұмыс орындары	Инвестиция көлемі	Инвес- тицияны игеру	Қуатты игеру	Ағымдағы жағдайы және бар проблемалар
1	Цементті құрғақ тәсілмен өндіретін №5 технологиялық желі іске қосу («Карцемент» АҚ)	2010 - 2014 жж.	115	12300 млн.тг	14206 млн.тг	29%	Жоба 2014 жылдың 9 маусымында іске қосылды. Қосылғанан бастап 435,2 мың. тонна цемент шығарылды. Жобалық қуаттылығына шығу – 2015 жыл.
2	Энергетикалық машина жасау зауытын салу («ҚазЭнергомаш» корпорациясы)	2013- 2015 жж.	140	1300 млн.тг	600 млн. тг	25%	Құрылыс екі кезекке жоспарлануда. Жылына 1500 тонн дайын өнім жобалық қуаттылығы. 1-кезек 2013 жылдың мамырында пайдала-нуға енгізілді, өндіріс өнімдер шығаруда, соның ішінде «АМТ» АҚ ТЭЦ ПВС үшін. 33 жұмыс орны құрылды. Кешеннің 2-кезегі 2014 жылы басталды. Бар-лық рұқсат құжаттары ресімделді. «Азия-Проект» ЖШС ЖСҚ әзірленді.Қолданыстағы өндірістік кешенді 7020 ш.м. дейін, АБК 1700 ш.м. кеңейту, 20-дан астам дана жабдықтар сатып алу жоспарлануда (турбогиттар, орнақтар, пештер және т.б.). Жоба индустриалан-дыру картасына енгізу үшін ӨҮК қарауына жіберілді. Жоба ҚР инвестиция және даму Министрлігінде келісімде.

Теміртау моноқалаларды дамыту Кешенді жоспарын өзектендіру кезінде зәкірлік жобаның тізбесі 2 жобамен толықтырылды: **«Темиртауский кирпич» ЖШС қаптайтын кірпіш өндірісі**,құны-2400,0 млн.теңге, 100 жұмыс орнын құру.

Анықтама: Іске асыру мерзімі-2011-2015 жж. Инвестиция көлемі-2,4 млрд.теңге. жобалық қуаты жылына 35,0 млн. дана кірпіш.
Жобаның ағымдағы ахуалы: 2006 жылдан кәсіпорын тоқтап тұрды. 2011 жылы кәсіпорын басшылығы қуаттылығы 35 млн. данаға дейін қуыс және қаптайтын кірпіштерді өндіретін зауыт құрылысын қайта бастау-ды шешті. 2014 жылы жетіспеген инфрақұрылымды жүргізуге РБ қаражат бөлінбеуіне байланысты, жобаны пайдалануға енгізу 2015 жылға ауыстырылды.

- **«КазГазоБлок» ЖШС** құрылыс материалдарын өндіретін зауыт құрылысы, құны 300 млн.теңге, 46 жаңа жұмыс орнын құру.

Анықтама: Іске асыру мерзімі-2014-2015 жж. Инвестиция көлемі-300,0 млн.теңге. жобалық қуаты жылы-на 150,0 куб.м. Индустриаландыру картасына енгізу мәселесі қаралуда.

2014 жылы **«2012-2020 жылдары Моноқалаларды дамытудың»** бағдарламасын іске асыру шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық ставкаларды субсидиялауға жалпы сомасы 100 млн.теңге РБ мақсатты транс-ферттер бөлінді.

2014 жылы Өңірлік үйлестіру кеңесі жалпы сомасы 1709,4 млн.теңге 30 жобаны мақұлдап, 464 жұмыс орны құрылды.

№	Жоба атауы	Кредит сомасы	Жұмыс орындары
1	Құрылыс материалдар өндірісі («Универсалстрой Темиртау» ЖШС)	21,4	7
2	Жылуды оқшаулайтын материалдарды өндіретін зауыт («Водоканалстрой» ЖШС)	20,0	30
3	Илек үю жабдығын металл өңдеу («Инкар 1» ЖШС)	30,0	5
4	Өнеркәсіптік бекіткіш арматура және саға жабдықтары өндірісі («Казарматура» ЖШС)	132,0	46
5	Автопаркті жаңарту (фирма «777» ЖШС)	33,0	7
6	Білдек паркін жаңарту («Металл-Инвест» ЖШС)	170,0	15
7	Автопаркті жаңарту (ЖК И.Н.Ткачев)	12,5	2
8	Болат балқыту өндірісін үйінді қож қалдықтарынан өңдеу («Алаужалын» ЖШС)	90,1	42
9	«Белый ветер» Сауда үйінің ғимараты бөлігін сатып алу (Музыкина ЖК)	17,0	7
10	«Ақниет» монша кешені құрылысы (ЖК Е.Б.Бегимов)	35,0	12
11	«Арай» сауда үйін сатып алу (ЖК К.Т.Айкеев)	108	10
12	«GRAND» сауда орталығын ашу мақсатымен ғимаратты сатып алу (ЖК Н.В.Давлетчина)	30	30
13	Қолданыстағы медициналық орталыққа жапсарма құрылыс («Будь здоров» ЖШС)	21,0	16
14	«Радуга» аспазханасын күрделі жөндеу (ЖК З.С.Саттыбаева)	17,0	7
15	Нан-тоқаш және пірәндік цехтарын жаңарту («Бидай нан ЛТД и Со» ЖШС)	38	14
16	«Принцип» өзін өзі қызмет ететін дүкенді әкімшілік корпус және қосымша қоймалар құрылысын салып кеңейту («Принцип» ЖШС)	57,0	20
17	Екі доңғалақты 3 тартқыш сатып алу («КарттрансСервис» ЖШС)	61,0	3
18	Жиһаздар өндірісі (ЖК С.Ю.Койка)	6,9	5
19	Кәсіпорынның жылжымалы құрамын жаңарту үшін автобустар сатып алу («ТТС» ЖШС)	288,0	14
20	Жолдарды ұстау мен жөндеу үшін жол және арнайы техника сатып алу («КазАвтоДор-2050» ЖШС)	69,5	20
21	Репетитор орталығын құру (ЖК Сланбекова/ЖК Ибраева)	13,0	5
22	Медициналық орталық ашу (ЖК М.Р.Әжіғалиева)	17,3	12
23	Кафе ғимаратын сатып алу арқылы тамақтану қызметін ұсыну бойынша қызметтерді кеңейту (Ж.К. Богданова)	56,4	21
24	Жиһаз өндірісі бойынша цехты ұйымдастыру және көрме залы құрылысын аяқтау (ЖК С.Ж.Далакян)	12,0	5
25	Автокөтергіш сатып алу («Мартенстрой» ЖШС)	20,0	12
26	Автокөлік жөндеу үшін кешен құрылысы (фирма «777» ЖШС)	130,0	16
27	Супермаркет ашу үшін жабдықтар сатып алу («Раушан ТС» ЖШС)	88	42
28	Он шақты автокөлік құралдарын, автожуу тұрғын үй емес ғимаратын сатып алу («Престиж-2» ЖШС)	64,0	12
29	Тиегіш, тіркеме және отыратын тартқыш сатып алу (ЖК Кузнецова)	55,5	2
30	Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру үшін жабдықтар сатып алу («Механомонтаж 2004» ЖШС)	93,0	25
	Барлығы	1709,4	464

2015 жылы республикалық бюджет қаражаттарынан аталған мақсаттарға 47,5 млн.теңге сомасында мақсатты трансферттер бөлінді.

Екінші деңгейдегі банктерге кредиттер бойынша пайыздық ставкаларды бөлу мен өтеуді қаржы агенті «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры жүргізеді.

Сонымен қатар 2012-2020 жылдары Моноқалаларды дамытудыңбағдарламасын іске асыру шеңберінде жаңа өндірістерді құру үшін гранттар беруге республикалық бюджеттен сомасы 20 млн.теңге мақсатты трансферттер бөлінді.

Жалпы сомасы 20 млн.теңгеге 7 жобалар конкурстық комиссия мақұлдап, Өңірлік үйлестіру кеңесі қолдап толықтай игерілді, 46 жұмыс орны құрылды.

№	Жоба атауы	құны, млн.теңге	Іске асырылу мерзімі	Жұмыс орындары
1	«Балық өсіру және балық аулау туризмі» ЖК А.В.Яршов	3,0	2014 ж.	15
2	Суды тазалау мен жеткізу бойынша кәсіпорын ЖК Р.А.Кошанов	3,0	2014 ж.	6
3	ЖК Picadilly ағылшын тілінде тынығу-дамыту байланысу клубы	3,0	2014 ж.	10
4	Тоқусыз материалдарды екінші қайта өңдеу цехын құру «ТЕМИРЭКО» ЖК	3,0	2014-2015	8
5	Ағаш терезелер және есіктер өндірісі бойынша шеберхана құру ЖК Х.Хавдашхан (екінші топ мүгедегі)	3,0	2014-2015	2
6	Селолық кіші хайуанаттар бағын құру (ЖК Н.П.Брюхова)	2,490	2014-2015	3
7	Механикалық цехті ашу (ЖК Чередниченко)	2,510	2014-2015	2
	Барлығы	20,0		46

2015 жылы гранттар беру үшін 17 млн. теңге сомасында республикалық бюджет қаражатынан мақсатты

трансферттер бөлінді.

Сонымен қатар, аталған бағдарлама шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға көмек көрсету мақсатында шағын кредит беру үшін 2014 жылы 30 млн.теңге, 2015 жылы - 52,1 млн.теңге бюджеттік кредиттер бөлінді. Кредиттерді беру «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы жүзеге асырылады.

Қалалық бюджет

2014 жылы қалалық бюджетке кірістердің түсуі 12 млрд.854,8 млн. теңгені немесе жоспарлағанның 100,6%-ын құрады, соның ішінде РБ және ОБ 3 млрд. 287,4 млн.теңге мақсатты трансферттер түсті.

Бюджеттің шығыс бөлігінің атқарылуы 99,98%-ды немесе жоспарлы 12 млрд. 842,5 млн. теңгеге қарағанда 12 млрд. 840,5 млн.теңге құрады, соның ішінде облыстық бюджетке 2 млрд. 561,5 млн.теңге бюджеттік алулар аударылды.

2015 жылғы кіріс бойынша жоспар 12 380,9млн.теңге сомасында бекітілді, соның ішінде транферттердің түсуі - 2 420,7 млн.теңге. Облыстық бюджетке 3 418,3 млн.теңге бюджеттік алулар бекітілді.

Мемлекет Басшысы Жолдауда әлеуметтік салаға көп көңіл бөлді. Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстан - 2050» Стратегиясының басты қағидаты **ел дамуының маңызды индикаторы ретінде қазақстандықтардың әлауқатын арттыру екенін атап өтті.**

Өткен мерзім ішінде қалада **демографиялық ахуал** жақсарды. Қала тұрғындарының саны **183 965** адамды құрады,немесе **1 757** адамға көбейді (2013 жылы **182 208** адам).

Қала бойынша орташа айлық еңбекақы **106 389 теңгені** құрап, өсуі байқаладынемесе 2013 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 7,5 пайызға өсті.

Әлеуметтік-мәдени шараларды қаржыландыруға 2014 жылы 5,8 млрд.теңге бағытталды немесе бюджеттің жалпы шығыс көлемінің 56,8%-ы (облыстық бюджетке алуларды есептемегенде).

